

Карантин белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданы Ақсай ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 30 қаңтардағы № 7 шешімі. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Ақсай ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 13 наурыздағы № 12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір ауданы Ақсай ауылдық округі әкімінің 13.03.2024 № 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35 бабына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабының 7) тармақшасына сәйкес және Қазақстан Республикасы Ауылшаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Темір аудандық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық-санитарлық инспекторының 2024 жылғы 25 қаңтар № 2-14-07/27 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Темір ауданы Ақсай ауылдық округі Шығырлы ауылында орналасқан "Бакос" шаруа қожалығы 1 бас ірі қара малдары арасынан пастереллез ауруының тіркелуіне байланысты шекету іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысы Темір ауданы Ақсай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Темір ауданы әкімдігінің интернет-ресурстарында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақсай ауылдық округінің әкімі

Е. Бегимов